

«Жүйелілік тұғыр» технологиясы арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» эксперименттік алаңының 2023-2024 оқу жылы бойынша есебі

Эксперименттік алаң аясында жұмыс жасаған педагогтер: Сыздыкова Д.Ж, Айкулова А.К, Молдакулова Р.К, Таскулова А.Б, Толиспаева М.М, Кабдулова А.Т, Тажибаева Г.М. ЖТ аясындағы сыныптар 2Ж, 7В, 8К, 9Ә, білім алушыларының жалпы саны-116 оқушы.

ЖТ аясында педагогтердің жалпы саны-20

ЖТ аясында педагогтердің педагогикалық еңбек өтілі 16-30 жыл.

Жоба авторлары тарапынан 2023-2024 оқу жылына жаңа технологияларды қолдана отырып оқушылардың интеллекттік, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыра отырып, өз бетінше білім алу және еңбек ету дағдыларына негіз салу болып табылады. Білім беру үрдісінде оң нәтижелерін де көрсетті деп бағалаймын. Конспект схема жеке жұмыс түрлерін дамытуға мүмкіндік көп. Тұлғааралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартта отыра оқушылардың арасындағы кедергілерді жояды.Әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру: түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып шығармашылыққа ынталандырады.

«Жүйелілік тұғыр» технологиясының әдіс-тәсілдерінің тиімді тұстары бар.Технология идеялық- мазмұндық тұрғыдан ұстаздардың көңілінен шыққан тұстары да бар.

Технологиямен жұмыс жасай келе, кемшілік тұстары да байқалды.Атап айтсақ, ғылыми тұрғыда жетекшіліктің болмауы, бағалау тәсілдерінің жаңартылған оқу форматымен сәйкестендіру тұстарын әлі де жетілдіруде құралдардың аздығы, экспериментке қатысушы педагогтердің қатысудан бас тартуы, АКТ құралдарымен кабинеттердің жабдықталмауы, білім сапасында практикалық тұрғыда әдістемелік құралдардың, қосымша әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігі де бар. Бұл қажеттіліктер мен кедергілер технологияның әдіс-тәсілдерін толыққанды өз деңгейінде жүзеге асыруға кедергі болды дей отыра эксперименттік алаңды жабуға ұсыныс білдіріп отырмыз.